


Сабақтың тақырыбы: «Менің елім - Қазақстан»

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушыларға Отанымыз жайлы толық түсіндіру. Еліміз, жеріміз бір Қазақстан екеніне көдерін жеткізу.

Дамытушылық: Оқушылардың ой-өрістерін кеңейтіп, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру, көркем жазумен таза жазуға баулу, аударма жасау дағдыларын меңгерту, сөздік қорларын молайту.

Тәрбиелік: Оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін ояту, елін, жерін, атамекенін қорғау мақсатында патриоттық сезімге тәрбиелеу.




Сабақтың түрі: Жаңа сабақ, қарбыз, плакат суретімен.

Әдіс-тәсілдер: Түсінік беру, сұрақ-жауап, аударма, әңгіме, жазбаша жұмыс, ауызша жұмыс.т.б.

Көрнекілік: суреттер, презентация, сөздіктер, карта, қаланың аттары жазылған карточкалар.

Сабақтың барысы:





Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлеметсіздер ме?

Отырыңыздар.

Сыныпта кім кезекші?

Жақсы, отыра ғой.

Біз қай елде тұрамыз?

Қазақстан қандай ел?

Қазақстанда нелерге бай?

Қазір қай мезгіл?

Қыс мезгілінде адамдар қалай
киінеді?

Біз не үшін қалын киінеміз?

Өте, жақсы, балалар!

Негізгі бөлім: Жаңа тақырыптағы сөздік жұмысын жүргізу:

**Атамекен – отчизна,
земля отцов
Өлке – край
Тоғай – роща
Сүйеміз – любим
Ардақтаймыз – ценим.**



Жаңа сабақты түсіндіру:

Балалар біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Ол – үлкен ірі бай өлке. Онда тоғай, өзен, көл, ауыл, қала көп. Қазақстанда көп халық тұрады. Олар тату. Біз атамекенімізді сүйеміз, ардақтаймыз.



Жазбаша жұмыс жүргізу:


-Жазбаша жұмыс жүргізбес бұрын қолдарына жаттығу жасату;

-Яғни ауада жазу жаттығуларын орындатқызу;



-Мысалы кез келген сөздерді айтсам, оқушылар соларды лезде ауада жазып беру;

-Астана, Қостанай, Алтынай, күз, қараша.тб.





Жазбаша жұмыстарды балалар,
«Қарбыз жинау» ойыны арқылы
жүргіземіз. *Ойынның шарты:*
Далада жатқан қарбыздарды
себетке жинап алу. Бірақ оны
жинап алу үшін, қарбыздың
артында берілген
тапсырмаларды орындап беру
керек. Олай болса балалар
ойынымызды бастайық:





1-Қарбыздың тапсырмасы: оқулықтың 80- бетіндегі 1-жаттығу. Сурет бойынша сұрақтарға жауап беру.

- А) Біздің еліміз қалай аталады?
- Б) Еліміздің елордасы қай қала?
- В) Елімізде мемлекеттік тіл қай тіл?

2- Қарбыздың тапсырмасы: Оқулықтың 80 – бетіндегі 2 – жаттығу: Мәтінді түсініп оқы.

Менің елім - Қазақстан

Біздің ***Отанымыз – Қазақстан Республикасы***. Ол – үлкен әрі бай өлке. Онда тоғай, өзен, көл, ауыл, қала көп. ***Қазақстанда*** көп халық тұрады. Олар тату. Біз ***атамекенімізді*** сүйеміз, ардақтаймыз.

Тапсырма: Қарамен жазылған сөздерді теріп жаз. Жуан, жіңішке дауысты дыбыстардың астын сызыңдар.

Сұрақтарға жауап бер:

Біздің Отанымыз қандай?

Онда нелер көп?

Қазақстанның халқы қандай?

3-Қарбыздың тапсырмасы: оқулықтың 81 – бетіндегі 3-жаттығу. Сөз тіркестерін қазақ тіліне аударып жаз.

Наша Родина, большая роца, чистое озеро, красивый город, дружный народ, наша республика, маленький аул, богатый край.

4- Қарбыздың тапсырмасы: оқулықтың 81-бетіндегі, 4-жаттығу. Өлеңді жаттап, дәптерге жатқа жаз.

Отан – жерім, Отан-суым,
Отан-куат, нәр береді.
Отан-ұран, Отан-туым,
Отан мәңгі гүлденеді.

М.Хакімжанова.





5-Қарбыздың тапсырмасы: Тест сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Әр адамның ... тілі болады.

- А) әже Ә) ана Б) әке В) аға

2. Қазақстанда мемлекеттік тіл - ... тілі.

- А) украин Ә) орыс Б) қазақ В)
жапон

3. Біз қазақ тілі сабағында


- А) есеп шығарамыз Ә) мәтін оқимыз Б) доп
тебеміз В) суға шомыламыз

4. Мектепте балалар алады.

- А) білім Ә) киім Б) қоңырау В)
оқу

5. Сөйлемнің аудармасын тап. Қазақ тілі – мемлекет тілі.

- А) Казахский язык – мой родной язык.
Ә) Казахский язык – государственный язык.
Б) Казахский язык – богатый язык.
В) Казахский язык – независимый язык.

- 
- Осыменен балалар біздің ойынымыз өз мәресіне жетті.
 - Біз барлық қарбыздарды жинадық.
 - Барлық тапсырмаларды сүрінбей орындадық.
 - Өте, жақсы балалар!

Сабақты бекіту:

Картаны қайтадан қалпына келтіру арқылы Сабақты қорытындылаймын.

Сабағымыздың тақырыбы қандай?

Сабақта нелер жайында білдік?

Сабақ ұнады ма?

Сабақ несімен ұнады?

Оқушыларды бағалау: Сабаққа өте жақсы ат салысып, белсене қатысқан оқушыларды мадақтап бағаларын қою.

Үйге тапсырма беру: Оқулықтың 81-бетіндегі 5-жаттығу. Мақалдарды жаттау.

Назарларыңызға рахмет!

Сабак аяқталды!

Сау болыңыздар!

